

СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ.

Науқас адамдарға аускультация жасау

Орындаған: Сахариева Еркежан

245 топ ЖМФ

Тексерген: Рахимбаева С.Ж.

Семей-2011ж

Жоспар:

1. Аускультация түсінігі.
2. Аускультация ережелері мен жүргізу әдістері.
3. Өкпе аускультациясы
4. Жүрек аускультациясы.
5. Қолданылған әдебиеттер тізімі.

- Аускультация(латынша auscultatio)-тыңдаймын деген сөз. Ағзадағы өзінен-өзі пайда болған дыбыстарды, көбінесе ауалық, сұйықтық қозғалыстардың дыбыстарын тыңдау.
- Аускультация әдісінің негізін қалаған француз дәрігері Рене Теофил Гиацинт Лаэннек. Ол алғаш рет стетоскопты қолдануды ұсынған. Алғашқы стетоскоптар әр түрлі материалдардан жасалынған: ағаш, қола, піл сүйегі, пластмасса. Кейіннен жұмсақ материалдардан жасалғанг стетоскоп енгізілді.



2-фонендоскоп

1-стетоскоп

- Дыбыс қозғалыс тарының берілуін күшейтетін аппараттар-фонендоскоптар ойластырып табылды. Оның құрылыс ерекшелігі: фонендоскоптың бір жақ шеті бетіне мембрана тартылған металдан жасалған қуыс болып табылады. Осы шетін адам денесіне тығыз жанастырып қойғанда дыбыс құбылыстары мембранаға беріліп, ол тербеліске түседі. Металды қуыс резонанс теориясы бойынша дыбысты күшейтеді, күшейтілген дыбыс түтіктің бойымен зерттеушінің құлағына жетеді.



- Аускультацияның ережелері мен жүргізу әдістері.


1. Науқастың қалпы. Тұрған не отырған адамды тыңдау ыңғайлырақ, бірақ кей жағдайларда жағдайы ауыр науқастарды жатқан күйінде де тыңдайды.
2. Тексеретін бөлменің іші тыныш әрі жылы болуы тиіс. Салқын бөлмеде бұлшық еттер жиырылып, қосымша дыбыстар береді.
3. Дәрігер науқасты алдынан тыңдағанда сол жағында тұрады.



4. Стетоскоп немесе фонендоскопты тыңдалатын дене тұсына тығыз жанастырады, бірақ аса қатты баспайды. Егер аппараттың басы тығыз болмаса, тыңдалып отырған ағза немесе есту мүшелері арасындағы жабық жүйе бұзылып, дыбыстар өзгереді
- 5 Ал науқастың дене түгі жақсы дамыған болса, тыңдалатын жерді дымқылдау қажет, әйтпесе түгі мен стетоскоптың жанасуында қосымша дыбыстық құбылыстар естіледі.
- 6 Фонендоскопқа дағдылану, яғни үнемі бір құралмен тыңдау қажет.

Аускультация әдісінің ауруларды анықтаудағы, әсіресе жүрек, өкпе және іш қуысы ағзаларын зерттеудегі маңызы зор.


Өкпе аускультациясы



Өкпе аускультациясы

Алдыңғы жағынан анықтау:


- Өкпенің екі ұшын оң және сол жақтарынан салыстырмалы түрде тыңдайды;
- Төмен қарай қабырға аралықтарын;
- Сол жақтан тек III қабырға аралығына дейін ғана;
- Содан кейін қолтық алды, ортаңғы сызықтары бойынша тыңдайды.




Өкпе аускультациясы

Артқы жағынан анықтау:


- Өкпенің ұшын;
- Омыртқа маңы сызық бойымен;
- Жауырын астынан екі жақтан салыстырмалы түрде тыңдау керек.



Жүрек аускультациясы



Жүрек аускультациясы



Жүрек қақпақшаларының
кеуде клеткасына
проекциясы және тыңдау
нүктелері:

- А – митралдық қақпақша;
- Б – қолқа қақпақшасы;
- В - өкпе қақпақшасы;
- Г – үш жармалы қақпақша.

Жүрек аускультациясы

Жүрек дыбыстарының пайда болу механизмі:

а-г – I дыбыстың пайда болу механизмі:

а – жүрекшелік компонент (кейде өз бетімен IV дыбыс болып естіледі);


б – қақпақшалық компонент;

в – бұлшық еттік компонент;

г – қан тамырлық компонент;

д – II дыбыстың пайда болу механизмі;


е – III дыбыстың пайда болу механизмі;



Жүрек аускультациясы

Жүрек тондарын тыңдау нүктелері

- ❖ Екі жармалы қақпақшада пайда болған дыбыс жүрек ұшынан жақсы естіледі;
- ❖ Қолқа қақпақшасы – төстің оң жақ жиегінде II қабырға аралығында;
- ❖ Өкпе қақпақшасы – төстің сол жақ жиегінде II қабырға аралығында;
- ❖ Үш жармалы қақпақша – төстің төменгі жағында, семсер тәрізді өсіндісінің негізінде;
- ❖ Боткин нүктесі - III, IV қабырғаның төстің сол жақ жиегіне бекітілген жері.




Жүрек аускультациясы



- Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Интернет желісі. [www. Google.ru](http://www.Google.ru).
2. Ахметов Қ.Ж. “Ішкі аурулар пропедевтикасы пәнінің клиникалық дәрістері”. Алматы-2009.
3. Айтбембет Б.Н.”Ішкі ағза ауруларының пропедевтикасы”. Алматы-2003.



Назарларыңызға рахмет!